



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

2017 жылғы 15 қарашада жарияланды

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә. Сағынтаевқа**

**Депутаттық сауал  
Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Ағымдағы жылғы жазда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Осы Заңның міндеттерінің бірі – бұл энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және электр энергиясын беруге жұмсалатын шығындарды төмендету мақсатында энергия беретін компанияларды ірілендіру. Аталған шаралар, сайып келгенде, халық үшін электр энергиясына арналған тарифтердің төмендеуіне алып келуге тиіс еді.

Заң жобасын Мәжілісте таныстыру барысында Энергетика министрлігінің тұлғасында әзірлеушілер депутаттарды электр энергиясының құны, атап айтқанда, электр энергиясын беру тізбегіндегі делдалдарды алып тастау есебінен міндетті түрде төмендейті деп сендірген болатын. Заңға сәйкес иесіз электр желілерін қабылдау кезінде энергия беруші ұйымдарды корпоративтік табыс салығы мен мүлік салығынан босату да тарифтердің төмендеуіне ықпал етуге тиіс еді. Халықты үміттендіріп қойды.

Алайда, берілген уәденің ешқайсысы орындалмады! Керісінше, біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз электр энергиясының қымбаттауын қазірдің өзінде сезініп отыр! Бұл фактіге 2017 жылғы 1 тамыздан бастап тәуліктің аймақтары бойынша электр энергиясына арналған сараланған тариф күшінің жойылуы да ықпал етті. Азаматтардың түнде киловатына – небәрі 4 теңге, кәсіпкерлердің 5 теңге төлеу мүмкіндігі болатын. Енді тәуліктің ішінде бірыңғай тариф қолданылады: жеке тұлғалар үшін – 13 теңге, заңды тұлғалар үшін – 16 теңге.

Ұлттық экономика министрлігінде осындай шараны сараланған тарифтер өзін-өзі ақтамады, электр энергиясының күтілгендей үнемделуі болмады деп түсіндіреді. Ал тұғынуда небәрі оннан бір пайызға ғана өзгеріс орын алған.

001317

Бұл ретте, осындай реформаның салдарынан қазірдің өзінде азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз зардабын көріп отыр. Сараланған тарифтің күшін жою салдары қазақстандықтардың коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуінің өсуіне тікелей әсер етті және әсіресе, жеке сектор тұрғындарының отбасы бюджетіне елеулі жүктеме болды. Олардың көбі Үкіметтің тәуліктің түнгі уақытында электр энергиясының арзандауы туралы айтқан сөзіне сеніп, қымбат электр қазандарын сатып алды, электр есептеуіштерін ауыстырды, ал енді олар қолданылмай тұратын болады. Үнемдеу үшін адамдар үйлерін түнгі уақытта жылытуға тырысты, енді қоршаған ортаны ластай отырып, үйлерін көмірмен жылытуға мәжбүр.

Белгіленген проблема, әсіресе, Қазақстанның газдандырылмаған аудандары үшін және бірінші кезекте, Астана үшін өзекті болып табылады. Сараланған тарифтер күшінің жойылуынан бүкіл ел бойынша нанның және басқа да өмірлік маңызды өнімдер бағасының өсіп бара жатқаны одан да бетер алаңдаушылық туғызады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шағын және орта бизнесті қолдау идеясын үнемі ерекше атап көрсетеді. Бірақ Үкімет үнсіз ғана келісін отырған кезде энергиямен жабдықтайтын компаниялар өздерінің пайдасын арттыруды ойлап, азаматтарымыз бен қазақстандық бизнеске елеулі нұқсан келтіріп отыр.

Мәселен, қазір Солтүстік Қазақстандағы наубайшылардың миллиондаған шығындары туралы белгілі болады. Наубайшылар сараланған тариф күшінің жойылғандығынан, орасан зор қаржылық шығындарға ұшырауда. Бір айдың өзінде ғана электр энергиясына жұмсалатын үлкен шығындардан келтірілген залалдары 2,5 миллион теңгені құрады! Бұл тек қана бір облыс бойынша ғана орын алып отырған жағдай екенін айта кеткен жөн. Кәсіпорындарға келтірілген залалдарды кім өтейді? Нан-тоқаш, кондитерлік цехтардың, қоғамдық тамақтану және сауда ұйымдарының басым көпшілігі электр энергиясын үнемдеу үшін түнгі уақытта жұмыс істейтін, бұл оларға электр энергиясына жұмсалатын қаражаттың 20 пайызына дейін үнемдеуге мүмкіндік беретін.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар да шығынға ұшарап жатыр, сараланған тариф күшінің жойылуына байланысты, оларға да қосымша шығындар келуде. Сараланған тариф күшінің жойылуы енді өнімдердің өзіндік құнына, жаңа бағаларға әсер етпей қоймайды, бұл 2018 жылы коммуналдық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің жоспарлы түрде ұлғайтылуы, жанар-жағар май мен көмірдің қымбаттауы да осыған қосымша түрткі болатын азаматтарымыздың наразылығын тудырады.


Энергиямен жабдықтайтын компаниялар сараланған тариф себеп болған, пайданы толық алмай отырғандарына шағымдануда. Алайда, бұл кәсіпорындар ешқашан шығынға ұшырамайды, өйткені, қажетті қаражатты, оның ішінде желілерді жаңғыртуға арналған қаражатты тарифтерінде көздейді. Сонымен қатар, қабылданған Заңда олар үшін өте ыңғайлы әрі ынталандырушы шаралар енгізілген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, азаматтарға, бизнеске түсетін жүктемені азайту және азық-түлік өнімдері бағаларының өсуін болғызбау үшін

Үкіметтен тарифтік кестеге, электр энергиясына арналған қолданыстағы тарифтерге өзгерістер енгізуді сұраймыз.

Жауабын «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес жазбаша нысанда беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары



Ш. Хахазов



С. Абдрахманов



В. Божко



Н. Жұмаділдаева



Р. Ким



Н. Микаелян



А. Мурадов



Ш. Нурумов



Ю. Тимошенко



Б. Хаменова



Т. Хитуов



М. Чирков



П. Шарапаев



А. Платонов



М. Ерман



А. Тасболатов

*Оғлашен 15 ноябрь 2017 года.*

**Премьер-министру  
Республики Казахстан  
Сагинтаеву Б.А.**

### **Депутатский запрос**

#### **Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

Летом текущего года принят закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам электроэнергетики». Одна из задач данного закона – это укрупнение энергопередающих компаний в целях повышения надежности энергоснабжения и снижения затрат на передачу электроэнергии. Данные меры должны были привести в конечном итоге к снижению тарифов на электроэнергию для населения.

В ходе презентации законопроекта в мажилисе разработчики в лице Министерства энергетики заверили депутатов в том, что снижение стоимости электроэнергии обязательно произойдет, в частности, за счет исключения посредников в цепочке подачи электроэнергии. На снижение тарифов, согласно закону, должно было повлиять и освобождение энергопередающих организаций от корпоративного подоходного налога и налога на имущество при принятии бесхозных электрических сетей. Народ обнадежили.

Однако ничего из обещанного не произошло! Напротив, наши граждане и предприниматели уже ощутили удорожание электроэнергии! На этот факт повлияла и отмена с 1 августа 2017 года дифференцированного тарифа на электроэнергию по зонам суток. У граждан ночью была возможность платить всего 4 тенге за киловатт, у предпринимателей – 5 тенге. Теперь же в течение суток действует единый тариф – 13 тенге для физических лиц, 16тг. – для юридических лиц.

В Министерстве национальной экономики такую меру объясняют тем, что дифтарифы себя не оправдали, не произошло ожидаемой экономии электроэнергии. А изменения в потреблении произошли всего на десятые доли процента.

Между тем из-за такой реформы уже страдают наши граждане и предприниматели. Последствия отмены дифференцированного тарифа

напрямую отразились повышением в оплате коммунальных услуг казахстанцев и легли немалой нагрузкой на семейный бюджет, особенно у жителей частного сектора. Многие из них, поддавшись на заверения правительства об удешевлении электричества в ночное время суток, закупили недешевые электророты, произвели замену электросчетчиков, которые теперь будут стоять без применения. Чтобы сэкономить, люди стирались, отапливали свои дома в ночное время суток, а теперь вынуждены отапливать дома углем, загрязняя окружающую среду.

Обозначенная проблема особенно актуальна для негазифицированных районов Казахстана и в первую очередь для Астаны. Но еще больше тревожит то, что из-за отмены дифференцированных тарифов растут цены на хлеб и другие жизненно необходимые продукты по всей стране. Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев постоянно подчеркивает идею поддержки малого и среднего бизнеса. Но, энергоснабжающие компании при молчаливом согласии правительства, заботясь о росте своей прибыли наносят существенный урон нашим гражданам и казахстанскому бизнесу.

Так, сейчас стало известно о миллионных убытках пекарей в Северном Казахстане. Пекари несут колоссальные финансовые потери из-за отмены дифференцированного тарифа. Только за один месяц их убытки, вызванные большими затратами на электроэнергию, составили 2,5 миллиона тенге! И это, заметим, только по одной области. Кто возместит предприятиям убытки? Большинство хлебобулочных, кондитерских цехов, организаций общепита и торговли ради экономии электричества работали по ночам, что позволяло им экономить до 20 процентов средств на оплату электроэнергии.

Убытки несут и промышленные предприятия, которые так же тратят дополнительные затраты в связи с отменой дифференцированного тарифа. Отмена дифференцированных тарифов теперь неизбежно отразится на себестоимости продуктов, новых ценниках, что вызовет недовольство наших граждан, которое будет подогреето еще и плановым повышением тарифов на коммунальные услуги в 2018 году, удорожанием ГСМ и угля.

Энергоснабжающие компании жалуются на недополученную прибыль, вызванную дифференцированным тарифом. Однако эти предприятия в убытке никогда не остаются, поскольку закладывают необходимые средства, в том числе и на модернизацию сетей, в свои тарифы. Кроме того, в принятом законе для них введены весьма комфортные и стимулирующие меры.

В связи с вышеизложенным просим правительство внести изменения в тарифную сетку, в существующие тарифы на электроэнергию, чтобы снизить нагрузку на граждан, бизнес и избежать роста цен на продукты питания.

Ответ просим дать в письменной форме в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением,

депутаты

Мажилиса Парламента

Республики Казахстан

Ш. Хахазов  
С. Абдрахманов  
В. Божко  
Н. Жумадилаева  
Р. Ким  
Н. Микаелян  
А. Мурадов  
Ш. Нурумов  
Ю. Тимошенко  
Б.Хаменова  
Т. Хитуов  
М. Чирков  
П. Шарапаев  
А. Платонов  
М. Ерман  
А. Тасболатов

*Исп.: К.Жорбаев*  
*Тел.: 746259*